

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

«Наурыз, той-думан!!»



№14 «Құлагер» ересек тобы

**Тәрбиешілер: Аябергенова А.Т
Оразова М.Н**

«Наурыз, той-думан!»

Мақсаты: Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуgetәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыңдар ата-аналар, қонақтар, балалар! Бәріміздің асыға күткен «Ұлыстың – ұлықүні!» наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

«Құлагер» ауылының, «Наурыз, той-думан!» атты мерекесін тамашалаңыздар. Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы. Наурыздың 22-де күн мен түннің теңеліп, жер жаңарып, көк шығып, төрт түлік мал түлеп, көктем келіп, тіршіліктің бастауы, яғни қазақтың жаңа жылы – Наурыз мерекесі.

Сұрақ жауап: Балалар біздің Наурыз мерекесін тойлаған кезде үстімізге қандай киім киеміз, ұлттық киімнің қандай түрлері бар, қандай ұлттық ойын ойнаймыз, қандай ұлттық тағамдарды білесіңдер?

Балалар Наурыз көже туралы не білесіңдер?

Жүргізуші:

Ал, халайық, тұрмайық,

Әндетейік, жырлайық!

Ортамызды ашайық,

Ырыс тілеп бұл жылға

Жырдан шашу шашайық!

Ән: «Наурыз мереке»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар!

Ал, енді ата-аналарымызбен «Ормалды қағып ал, сөз жалғасын тауып ал» ойынын ойнағымыз келіп тұр. Қане, олай болса ортаға шығайық.

Ойын: «Ормалды қағып ал, сөз жалғасын тауып ал!»

Жүргізуші: Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын.

Жүргізуші: Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын.

Жүргізуші: Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін.

Жүргізуші: Бір тал ексең,

Он тал ек.

Жүргізуші: Атаңнан мал қалғанша,

Тал қалсын.

Жүргізуші: Бұлақ көрсен,

Көзін аш

Жүргізуші: Қыз өссе елдің көркі

Гүл өссе жердің көркі

Жүргізуші: Кітап білім бұлағы

Білім өмір шырағы

Жүргізуші: Енді біздің балаларымыздың мерекеге арналған жыр-шумақтарын қабыл алыңыздар.

Әліпұр: Ата-бабам тойлаған,

Наурызым армысың!

Қызығына тоймаған,

Жаңажылым бармысың

Нұрай: Осыншама жақсылық,
Алыпкелген Наурызым.
Төрлет бізге нұр беріп,
Шуақ шашып ақжүзің.

Көзайым: Көлдің мұзын күн тесті,
Әппақ тонынын жер шешті
Жан-жақтан күн күркіреп,
Жаңбыр жауды сіркіреп.

Ғазиза: Ашылды да кебеже,
Дәм әзірлеу басталды.
Әжем наурыз көжеге,
Жеті түрлі ас салды.

Мирас: Арпа бидай бастаған,
Жеті дәмнен аспаған.
Наурыз көже ежелден,
Бұл тойдағы бас маман.

Омар: Жақсылыққа бас болып,
Алдымызға ас болсын.
Келген Наурыз құтты болсын,
Берері тағы мол болсын.

Сафия: Жылдың басы Наурыз,
Жырдың басы Наурыз.
Наурызға арналсын,
Бүгінгі жыр әніміз

АлдарКөсе:

Мен Алдармын, Алдармын,
Балалармен ойнаймын.
Ренжітер сәбилерді,
Тентектерден қорғаймын.
Құтты болсын Наурызым!
Қарным тойған күлкіге,
Базарлығым тағы бар,
А-а-а-а-а-а-а-а

Жүргізуші: Қошкелдің, Алдар Көсе балаларымыздың өнерін бірге тамашала.

АлдарКөсе: Ия дұрыс айтасыз, балалардың өнерін тамашалап, күштерін сынауға келдім.
Балалар мен сендер мен күш сынасқым келіп тұр. Қане күштеріңді байқайық. (ортаға балалармен күш сынасуға шығып, қол күрестіреді)

Ойын: «Кім күшті?» қолмен күш сынасу.

Қыздарға «Текемет құрастыру» ойыны

Алдар Көсе: Байқаймын балалар, шетінен мықты екен, мені жеңіп қойдыңдар.

Жүргізуші: Олай болса балаларымыздың «Қылыш» биін тамашалаңыздар.

Би: «Қылыш» биі

Жүргізуші: Бүгінгі тойға алыстан ат төрлетіп, аса қадірлі қонағымыз Олжас мырза келіп жатыр. Олжас мырза жоғары шығып, төрлетіңіз, балалардың өнерін тамашалаңыз.

Олжас мырза: Амансындарма, балаларым!

Наурыз мерекесі құтты болсын! Әр отбасына құт-береке әкелсін! Мен сендерге құр қол

келген жоқпын өзіммен бірге домбырамды ала келдім (домбырамен таныстыру), сендерге бір өлен шумағымды айтып берейін.

Жүргізуші: Олжас мырзаға рақмет айту.

Тазша бала: Уа, Алдар Көсе, сені іздеп жүрсем сен балалармен жүр екенсің.

Ей балалар, балалар,

Енді маған қараңдар!

Наурыз тойын тойлайық

Қызық ойын ойнайық.

Балалар мен сендермен ойын онағым келіп тұр кім мықты екенін сынайық сендер кішкентайсыңдар қозы көтеріп бақ сынайық.

Ойын: «Қой көтеру» ойыны

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, ендігі кезекте қыздарымыздың «Наурыз –Думан» биін билеп тамашалайық.

Жүргізуші: Қазақ халқы өнерге бай халық, «Сөзбен айқасу бәрінен де күшті» — деп халық бекер айтпаса керек. Алдарыңызға біздің кішкентай айтыскер ақындармызды ортаға шақырамыз.

Жанкелді:

1.Халықтың мейрам тойында

Кім айтысар менімен

Айтыс айтыс болады

Айтысқанда теңіңмен

OOOOO,EEEE

Айкөркем:

2.Айтыс айтыс болады

Шықса ақын теңімен

Шешен болсаң көрейін

Айтысып көр менімен

OOOOO,EEEE

Жанкелді:

1.Бес нәрседен қашық бол

Бес нәрсеге асық бол

Қос алдыңба мән беріп

Қанша болды снап көр

OOOOO,EEEE

Айкөркем:

2.Бірге төрт бес болады,

Оны бәрі білетін

Сен дейсіңбе саусағын

Санай алмай жүретін

OOOOO,EEEE

Жүргізуші: Енді біздің мерекеге арналған жыр-шумақтарын қабыл алыңыздар.

Би: «Наурыз-Думан!»

Рамазан:

Әнім де саған биім де саған,

Құт қонақ өзім үйімде.

Қуаныш силап еліме,

Күлімде Наурыз, күлімде!

Айназ:

Наурыз күні той думан,
Ортамызды ашайық .
Ән мен күйді төгіп,
Биден шашу шашайық .

Нұрбақыт:

Армысыздар халайық,
Өркез аман болайық.
Наурыз тойын әр жылда,
Бірге қарсы алайық.

Көркем:

Наурыз тойы береке,
Наурыз тойы жыр-аңыз.
Қызық думан мереке,
Қызық думан құрамыз.

Дарын:

Наурыз келді балалар,
Көктемде күн жағалар.
Наурыз тойын тойлайық ,
Қызығына тоймайық.

Батихан:

Көктем, көктем, көктемде,
Құстар келіп жеткенде.
Біз қуанып қаламыз,
Наурыз әнін саламыз.

Жүргізуші: Олай болса «Ару көктем» атты әнімізді қабыл алыңыздар.

Ән: «Ару көктем!»

Жүргізуші: Біздің қазақ халқымыз дана халық, батыр халық балаларымыздың «Батырлар» биін тамашалаңыздар

Би: «Батырлар»

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, бүгінгі Наурыз мерекесіне арналған тойымыздың батасын Олжас мырзадан сұраймыз.

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын

Қайда барсаң жол болсын дей отырып осымен Құлагер ауылының Наурыз мейрамы өз мәресіне жетті.





